



БҰЙРЫҚ

10.06.2020 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 207-ОД

город Нур-Султан

Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларациясының күшін жою туралы

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 1-тармағының 6-тармақшасына, Еуразиялық экономикалық комиссияның 2018 жылғы 20 наурыздағы № 41 шешімінің 19-тармағына және 2015 жылғы 26 наурыздағы № 331 «Берілген сәйкестік сертификаттарының немесе сәйкестік туралы декларацияларды тіркеудің қолданылуын тоқтату немесе күшін жою қағидасының 9 – тармақтың 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өнімнің сәйкестік сертификаттары мен сәйкестігі туралы декларациясының күші жойылсын;

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Мемлекеттік бақылау басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәлімет үшін және тиісті шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің сәйкестік туралы декларацияларының күші жойылғандығы туралы мүдделі мемлекеттік органдарға хабардар етсін:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетін;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: 2020 жылғы 6 наурыздағы № ПР-02/235 «Ұлттық сараптау және сертификаттау ортағы» Акционерлік қоғамының хаты.

Төраға орынбасары

С. Құсайынов

Подписано

10.06.2020 12:43 Кусаинов Серик Куанышевич